

"Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № А-8/377 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қазандағы № А-10/510 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 қазанда № 24766 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № А-8/377 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7978 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде:

келесі мазмұндағы реттік нөмірі 194-1-жолмен толықтырылсын:

"

194-1	Илияс Есенберлин ескерткіші	монументтік өнер құрылысы	Атбасар қ., әкімдік ғимаратының алдындағы алаңда
-------	-----------------------------	---------------------------	--

".
;

реттік нөмірі 278-жол алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы реттік нөмірі 556-1-жолмен толықтырылсын:

"

556-1	"Құмай" археологиялық-этнографиялық кешені, біздің дәуіріміздің VI-VII ғасыр	археология	Қарағайлы а. солтүстігіне қарай 5 км. С. 51°15'50", Ш. 72°43'39"
-------	--	------------	--

".
;

келесі мазмұндағы реттік нөмірі 924-1-жолмен толықтырылсын:

"

924-1	Кенес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ескерткіші	монументтік өнер құрылысы	Көкшетау қ., Абай көшесіндегі қалалық саябақ
-------	---	---------------------------	--

".
;

реттік нөмірі 1017-жол алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы реттік нөмірі 1033-жолмен толықтырылсын:

"

1033	Қажымұқан Мұңайтпасов ескерткіші	монументтік өнер құрылысы	Степногорск қ., Спорт сарайы алдындағы алаң
------	----------------------------------	---------------------------	---

".

2. "Ақмола облысының мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Ақмола облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК